

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының
шешімімен енгізілген,
201__ жылғы «_____» _____ хаттама**

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Жарғысына енгізілген өзгерістер**

1. «Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні» деген 3-тараудағы 3.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3.2. Қоғам қызметінің нысаны мыналар:
 - 1) шикі мұнай мен ілеспе газды өндіру, оның ішінде мұнай мен газды тауарлық күйге дейін дайындау;
 - 2) метанды есептемегенде, табиғи газ өндіру;
 - 3) Қоғамның объектілерінде мұнай мен табиғи газды өндіру кезінде техникалық қолдау;
 - 4) Қоғам объектілерінде геологиялық барлау және зерттеу жүргізу қызметі (ғылыми зерттеусіз және әзірленімдерсіз);
 - 5) мұнай өңдеу өнімдерін шығару;
 - 6) газ тәрізді отын өндіру;
 - 7) Қоғам объектілерінде барлап бұрғылау;
 - 8) Қоғам мен оның еншілес ұйымдарының шикі мұнай мен ілеспе газдың көтерме саудасы;
 - 9) табиғи жанғыш газдың көтерме саудасы;
 - 10) авиациялық бензин мен керосиннің көтерме саудасы;
 - 11) автомобильдік бензиннің көтерме саудасы;
 - 12) дизельдік отынның көтерме саудасы;
 - 13) жағу мазутының көтерме саудасы;
 - 14) өзге де отынның көтерме саудасы;
 - 15) аралық өнімнің көтерме саудасы;
 - 16) құбырлар бойынша газ тәрізді газды сату;
 - 17) Қоғам объектілеріндегі жарылысы жұмыстары;
 - 18) жеке қажеттіліктерге арналған жүк теміржол көлігі;
 - 19) Қоғамның объектілеріндегі елді мекендерден тыс жерде тамақтандырудың өзге де түрлерін ұйымдастыру;
 - 20) Қоғамның еншілес ұйымдарына мотор отынын көтерме сату;
 - 21) Қоғам ұйымдарының мұнай тасымалдау бойынша көлік-экспедициялық қызметтері;
 - 22) Қоғамның ұйымдарына деректерді орналастыру және өңдеу қызметтерін көрсету (оның ішінде деректерді орналастыру және өңдеу және басқа тиісті қызметтер инфрақұрылымымен қамтамасыз ету);
 - 23) Қоғам мен оның ұйымдарының веб-порталдары;
 - 24) Қоғам мен оның ұйымдарының ақпараттық жүйелері мен деректер базаларын қолдап, ақпараттық-әдіснамалық қамтамасыз ету;
 - 25) Қоғам мен оның ұйымдары үшін ақпараттық технологиялар мен ақпараттық жүйелер саласындағы қызметтің басқа да түрлері;
 - 26) «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар үшін жеке жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару;

- 27) Қоғамның ұйымдарына қатысты өзге де бас компаниялардың қызметі, оның ішінде мынадай мәселелер:
- өндірісті ұйымдастыру, жаңа техника мен технологияларды енгізу, өндірісте қауіпсіздікті және қоршаған ортаның қорғалуын қамтамасыз ету, өндіріс барысын бақылау;
 - мұнай, газ және оларды өңдеу өнімдерін тасымалдау және тасымалдау экспедициясын, өңдеу және экспортқа және ішкі нарыққа сатуды ұйымдастыру;
 - қаржыны және бухгалтерлік есептің, салық есебінің және салықтық жоспарлаудың ұйымдастырылуын басқару;
 - қаржы, өндірістік есептің бақылануын және қаржы мен басқарушылық есептіліктің жасалуын автоматтандыру;
 - стратегиялық, инвестициялық, заң, маркетингтік, техникалық, технологиялық мәселелер бойынша, сондай-ақ сақтандыру, сатып алу мәселелері және басқа да басқарушылық мәселелер бойынша консультациялар;
 - бизнесті басқару, әкімшілік ету, ұйымдастыру және дамыту;
 - мұнай-газ саласындағы мүлікті, тауарларды (оның ішінде өндірістік емес тауарларды қоймалау, сақтау және сату), жұмыстарды, қызметтерді және персоналды ұсыну және іске асыру;
- 28) ұлттық компаниялар құрған ұйымдардың стратегиялық объектілерге қызмет көрсету үшін техникалық және қосалқы персоналды ұсыну қызметі;
- 29) Қоғамның ұйымдарына қатысты басқа да қаржы қызметтері, экономиканың әр түрлі салаларындағы қаржыландыру, инвестициялық қызмет;
- 30) қауіпті емес қалдықтарды жинау;
- 31) қауіпті қалдықтарды жинау;
- 32) қауіпті емес қалдықтарды өңдеу және жою;
- 33) қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою;
- 34) қалпына келтіру және қалдықтарды жою саласындағы өзге де қызметтер;
- 35) Қоғам қызметінің нәтижесінде алынған қалдықтар мен қара металдар сынығын өңдеу».

**Бас директор
(басқарма төрағасы)**

Қ. Есқазиев

Келісім тізімі

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қолы
1.	Киінова Ж.Л.	Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор	
2.	Оразбеков М.А.	Заң департаментінің директоры	